

Австрия Республикасындағы Қазақстан Республикасының Елшілігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 31 желтоқсан N 1764

"Австрия Республикасында, Испания Корольдігінде, Малайзияда, Түркменстанда, Жапонияда Қазақстан Республикасының Елшіліктерін ашу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 5 желтоқсандағы N 3255 U963255_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Австрия Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің штат саны 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап 19 адам болып бекітілсін.
2. Австрия Республикасындағы Қазақстан Республикасының Елшісіне лауазымдық шетел валютасымен жалақысы 3100 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленсін.
Елшілік қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары Қазақстан

Республикасы Елшісінің шетел валютасындағы жалақысын негізге ала отырып, штат кестесіне сәйкес белгіленсін.

3. Елшілік қызметкерлеріне медициналық көмек көрсетуге аударым олардың шетел валютасындағы еңбек ақысының 3 проценті мөлшерінде белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп Австрия Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің штат кестесі мен шығыстар сметасын бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары